

Кәсіптік оқу бағдарламаларын техникалық кәсіптік білім беру негізінде жүзеге асыратын индустриалды-технологиялық колледжге оқуға қабылдау

ЕРЕЖЕЛЕРІ

№130 19.01.2012 ж. ҚР Үкіметінің Қаулысымен бекітілген орта білімнен кейінгі білім беруді жүзеге асыратын білім беру мекемесіне оқуға қабылдаудың Типтік ережелері негізінде құрастырылған.

1.Жалпы ережелер

1. Осы оқуға қабылдау Типтік ережелері 27 шілде 2007 жылғы Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңына сәйкес оқуға қабылдау тәртібін меншіктік және ведомстволық бағынушылықтан тәуелсіз белгілейді.
2. Индустриалды- технологиялық колледжге Қазақстан Республикасының негізгі орта және негізгі жалпы білімі бар , қазақ ұлтының, Қазақстан Республикасының азаматығы жоқ қазақ ұлтының, сонымен қатар Қазақстан Республикасының бекітілген заңының тәртібі бойынша шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар қабылданады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік білім Қазақстан Республикасының азаматтарына және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларға осы деңгейде білімді бірінші рет алатын болса беріледі.

Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік білім алуы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

3. Білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде «Техникалық және кәсіптік білім бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау квотасын белгілеу туралы» №296 28 наурыз 2008 жылғы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген қабылдау квотасы ескеріледі:

1 және 2 топ мүгедектері , бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар қатарындағы азаматтар;

жеңілдік және кепілділігі соғыс мүгедектері мен соғысқа қатысушыларға теңестірілген тұлғалар;

ауылды әлеуметтік-экономикалық дамытуды анықтайтын мамандықтарға осы Ереженің 1 қосымшасына сәйкес ауыл (село) жастары;

Қазақстан Республикасының азаматы емес қазақ ұлтты тұлғаларға;

жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

2. Құжаттарды қабылдауды ұйымдастыру және түсу емтихандарын өткізу.

4. Азаматтардың өтініштерін қабылдауды ұйымдастыру, тест өткізу және оқушылар құрамына қабылдау үшін білім беру ұйымында өзінің жұмысын 1 маусымнан кешікпей бастайтын қабылдау комиссиясы құрылады.

5. Оқуға түсушілерге қабылдау ережелері туралы ақпараттар, сонымен қатар өтініш қабылдауды ұйымдастыру жөніндегі қабылдау комиссиясының шешімі, тест өткізу кестесі, қабылдау нәтижелері уақытында хабарлану керек.

6. Индустриалды-технологиялық колледжге оқуға түсетін азаматтардан құжаттарды қабылдауды жүзеге асыру

техникалық және кәсіптік білім беру оқу бағдарламасы бойынша:

күндізгі оқытуға 20 маусымнан 20 тамызға дейін

кешкі және сырттай оқытуға 20 маусымнан 20 қыркүйекке дейін

оқуға түсу емтиханы:

күндізгі оқытуға 1 тамыздан 28 тамызға дейін

кешкі және сырттай оқытуға 1 тамыздан 25 қыркүйекке дейін өткізіледі

7. Оқуға түсетіндер білім алу ұйымына оқуға қабылдау туралы өтінішке:

Жеке куәлік

білім туралы құжат (түпнұсқа)

N086-У формалы дәрігерлік анықтама флюросуретімен қосымша

(1 және 2 топтың мүгедектері және жастайынан мүгедектер үшін- әлеуметтік-дәрігерлік сараптау қорытындысы)

3x4 мөлшердегі 4 фотосурет.

Оқуға түсетін тұлғаны куәләндіратын құжаттарды тұлға өзі немесе заңды өкілдері ұсынады.

8. Шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалар тұратын жерінде тіркелген белгісімен мәртебесін анықтайтын құжат көрсетуі керек.

Шетелділік- ҚР шетел азаматының қоныстану ықтиярхаты

Азаматтығы жоқ тұлғалар - азаматтығы жоқ тұлғаларды анықтайтын құжат

Босқын – босқындығын анықтайтын құжат

Оралман – оралманды анықтайтын құжат

Оқуға түсушілердің өтініші оқыту түріне байланысты білім беру ұйымында журналға тіркеледі.

Өтініштер келісім шарт негізінде (ақылы) бөлек ескеріледі және тіркеледі.

9. барлық керек құжаттарды тапсырған кезде алушыға сәйкес құжат қабылданды деген қолхат

Өтініш алынған уақыты мен нөмірі

қосымша құжаттр саны мен аталуы

Құжаттарды қабылдап алған мекеме қызметкерінің аты – жөні

Мемлекеттік қызмет алушының аты – жөні, оның байланыс телефоны көрсетілуімен беріледі.

10. Көпшілік және күрделі (шектес) мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік білім бағдарламалары бойынша оқуға түсушілерге оқуға түсу емтихандары ауызша әңгімелесу нысанында өткізіледі.

11. Оқуға түсу емтихандары оқуға түсушілерге орта буын мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламалары бойынша:

- 1)Негізгі орта білім- негізгі орта білім оқу бағдарламасының көлемі екі пән бойынша (қазақ немесе орыс және кәсіп мамандықтары бойынша пәндер:автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу, электробайланысы және желілік құрылғылары және сымдық тарату электромонтеры-математика,тамақтандыруды ұйымдастыру-биология).
- 2)техникалық және кәсібіне сәйкес кәсіп мамандықтары бойынша (сырттай бөлімге)әңгімелесу түрінде өткізіледі.

3. Оқушылар құрамына қабылдау

12. Азаматтарды индустриалды-технологиялық колледжге оқуға қабылдау азаматтардың өтініші бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Техникалық кәсіптік білім берудің оқыту бағдарламасы бойынша оқушылар құрамына қабылдау:

Күндізгі оқытуға – тамыздың 25 нен 30 на дейін

Сырттай және кешкі оқытуға – қыркүйектің 15нен 30на дейін

13. Көпшілік және күрделі (шектес) мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік білім бағдарламалары бойынша оқуға түсуші тұлғаларға ауызша әңгімелесу нысаны 1 тамыздан 28 тамызға дейін, кешкі оқытуға 1 тамыздан 25 қыркүйекке дейін өткізіледі.

Көпшілік оқуға түсуші тұлғаларға техникалық және кәсіби білім беру оқу бағдарламасында орта буын мамандарын дайындау қарастырылған,оқуға түсу емтихандары күндізгі оқу бөліміне 1тамыздан 28тамызға дейін,сырттай оқу бөліміне1тамыздан 25қыркүйекке дейін.

Көрсеткіштері бірдей болған жағдайдамемлекеттік тапсырыспен оқушылар құрамына қабылдау басымдық құқық (расталған құжаттар болған жағдайда):

жетім балалар және ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар,

1және 2 топтың мүгедек азаматтар санының ішінде, жастай мүгедек, мүгедек балалар;соғыс мүгедектері, жеңілдік және кепілдікке теңелтілген соғысқа қатысушы тұлғалар, - әлеуметтік-дәрігерлік сараптау қорытындысы бойынша лайықты білім беру мекемелерінде, оқуға қарсы дәлел болмаған жағдайда

және үздік білімі бар (куәлік, аттестат, диплом) құжаттары бар тұлғалар қабылданады.

14. Индустриалды – технологиялық колледжге қабылдау қабылдау комиссиясының ашық отырысында кәсіп бойынша, мамандық бойынша, оқу тілі бойынша бөлініп жүргізіледі.

15. Білім беру мекемесіне оқуға қабылдау тәртібі осы Ережемен реттелмеген жағдайда, құрылтайшымен немесе білім беру ұйымының құрылтайшылармен (мемлекеттік басқару органдарымен) белгіленеді.